

мемлекет пен оның құқық қорғау және күш органдарының ғана тікелей міндеті деген пікірден арылмайынша, сондай-ақ оған қарсы күреске мемлекеттің әрбір азаматы мүмкіндігіне қарай өз үлесін қоспайынша, қандайда бір нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес екендігі түсінікті жайт.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы». Қазақстан Республикасының Президентінің Парламент палаталарының бірлескен отырысында сөйлеген сөзі, 2006 жылғы 18 қаңтар // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs>
2. Жұмабаев Н.Ә. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асырудың халықаралық және қазақстандық тәжірибесі». // www.apa.kz 28.01-01.02, 2008ж.
3. Алауханов Е. Казахстанское и зарубежное антикоррупционные законодательства // Заң және Заман, -2008. №1. – С. 32.-39.
4. Максимов С. В. Предупреждение коррупции: Лекция. - М.: МИ МВД РФ, 1994. – 128с.
5. Волженкин Б. В. Коррупция и уголовный закон // Правоведение.- 1991. -№ 6. – С. 66-74.

Машабаев А.Ж.

академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің доценті, з.ғ.к.

Сейтимбетова А.Б.

академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің магистранты

Қоршаған ортаны қорғау қатынастарын қылмыстық құқықтық реттеу

Қоршаған табиғи ортаны қорғау және табиғи ресурстарды тиімді пайдалану - қоғамның экономикалық даму барысын жетілдірудің міндетті шарты. Біздің елімізде табиғатты қорғау және оның байлықтарын тиімді пайдалану қоғамның дамуының конституциялық қағидаларына енгізілген, ол әрбір адамның парызы ретінде жалпы-мемлекеттік, жалпыхалықтық міндет болып табылады.

Соңғы жылдары экологиялық қылмыстылықтың өсуі әсер қалдырып, қауіптендіреді. Мәселен, соңғы жылдары жалпы

тіркелген қылмыстардың ішінде экологиялық қылмыстардың үлесі арта түсуде. Мұндай теріс жағдайлардың орын алу себептері болып қылмыстық заңдардың жетілдірілмеуі, әкімшілік жауапкершілік бойынша айыппұлдардың мөлшерінің төмен болуы табылады. Қазіргі кезеңде адамзат тарихында жалпы адамзат құндылықтарын қамтамасыз ету саналылықты талап етеді, ал бірінші кезекте өз азаматының физиологиялық дамуы, психикасы мен денсаулығының қалыптылығын қажет етеді, себебі халықтың генқорының сапасы тікелей осы факторларға тәуелді.

Біз 50 бәсекеге қабілетті елдер қатарына кірудің мақсатына қарай күрделі жаһандық бәсекелестік жағдайында ілгерілейміз. Алдағы онжылдықтарда біз қазірдің өзінде біліп отырған сын-қатерлер, жаһандық нарық пен әлемдік саясаттағы болжаусыз жағдайлар, жаңа дағдарыстар аз кездеспейді. ХХІ ғасырда «үстірт қарау» деген болмайды. Ғасыр ортасы да таяп қалды. Әлемнің дамыған елдері соған сай нақты стратегияларын дайындауда. ХХІ ғасырдың орта тұсы күрделі болары даусыз, ал жаһандық отыздық тобының тізіміне кіретін үміткерлер саны тым шектеулі болады. Мен «дамыған ел» ұғымының уақытқа сәйкес өзгеріп тұратын категория екенін бірнеше рет айттым. Дамыған елдерде халықтың мүлде жаңа өмір сапасы пайда болуда [1] – деп мақсат тұтып отырған Ел Басының бағдары қол жетімді.

Қазақстан Республикасының мемлекет болып қалыптасу кезеңінде елде экологиялық реформаларды жүргізу жаңа экономикалық қатынастарға көшу адамдардың барлық саладағы қызмет бабына әсерін тигізеді. ҚР Конституциясының 31 бабында бекітілгендей адам денсаулығына және өміріне қолайлы айналадағы ортаны қорғауға құқылы, табиғат компонентерін пайдалану мүмкіндігі ретінде және пайдаланғанда табиғат қалыптылығын бұзбау міндеттілігі қолданады, сондықтан құқық әрбір адамның экологиялық саналылық деңгейін анықтайды.

Қазақстан Республикасының «ҚР Ұлттық қауіпсіздігі туралы» заңында «экологиялық қауіпсіздік елде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету аймағында құқықтық қатынастар бағытының бірі болып табылады деп көрсетілгенін атап айта кету керек». Экологиялық қауіпсіздік деп адамның құқығы мен

өмірлік маңызды мүдделерінің қоғамның және мемлекеттің айналадағы ортаға антропогендік және өзге де жерлер нәтижесінде пайда болған қауіп-қатерден қорғалу жағдайы» [2, 21] деп түсіну керек.

ҚР-ң Қылмыстық кодексінің 2 бабында адамның және азаматтардың құқықтары, бостандықтары және заңды мүдделерін қорғаумен қатар, қылмыстық заңдылық міндеттемелері ішінде қоршаған ортаны қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау қарастырылған.

Адамның өмір сүруі үшін қолайлы ортаны тиімді пайдалану, Республиканың табиғат ресурстарын ұзақ мерзімге сақтау және қайта өндіруді қамтамасыз ету, табиғат байлықтарын пайдалану, олардың қорын қалпына келтіру және көбейту, осы тәртіпті ғана бекітетін құқықтық нормаларды ғана емес осы нормаларды бұзған тұлғаларға шаралар қарастырушы құқықтық нормаларды қолдану арқылы жүзеге асырылады. Қоршаған ортаға көбінесе табиғат ресурстарына тұтасымен келтірілген залал түрлері қазіргі кезде әртүрлі; атап кетсек: құрғақтану, ормансыздану, құрлықтың, теңіздің, жер асты суларының химиялық және радиоактивтік былғануы, жануарлар, өсімдіктер популяциясының жойылуы.

Қоршаған орта адамның санасы мен бостандығына тәуелсіз, біртұтас табиғи объективті шындық. Оның барлық компоненті өзара байланысты, олардың дамуы және болуы өзара себепті. Табиғат компонентінің біреуінің өзгеруі бүкіл экожүйеге шарасыз әсерін тигізеді.

Адамның экологиялық санасы қажетті деңгейге жеткен жоқ, өйткені көбісі табиғат ресурстарының сарқылмайтындығы туралы және олардың өздері қалпына келу мүмкіндігі туралы ойларын ұстанады [3, 113].

Қазақстандықтардың салауаты өмір салтына көшуін анықтай отырып, «экологиялық жүйе алға қойылған мақсат алғы шептілігіне сәйкес жұмыс істеуі керек, қоршаған ортаны ластағандарға қуатты және эшелонды тосқау қою керек деп атап айтты. Осы көрсетілген мәселені ашу үшін қазіргі уақыттағы маңызды теориялық және тәжірибелік мағынаға ие табиғатты қорғау шараларын қайта өңдеу мен жетілдіру жолымен шешілуі мүмкін. Осы кешенде экологиялық жүйені қылмыс-құқықтық

қорғау ерекше орын алады. ҚР ҚК 13 тарауында бекітілген экологиялық қылмыстық құқықбұзушылықтар үшін жауаптылық осының дәлелі.

Осы тараудық баптарының диспозициясы бланкеттік, сондықтан 2007 жылғы 9 қаңтардағы N 212 Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі бойынша осы жүйеге зиян келтірудің және жою ұғымын анықтауда жүгінеміз. Экологиялық жүйеге зиян келтіру және жою жауаптылығы туралы қылмыстық-құқықтық нормалардың ұзақ уақыт болуына қарамастан, осындай әрекеттердің жоғары қоғамдық қауіптілігі мен таралуына қатысты, осы қылмыс үшін жауапқа тарту құқық теориясында жеткіліксіз зерттелген.

ҚР-да құқықтық реформалардың мемлекеттік бағдарламаларын, ҚР қоршаған табиғи ортаны қорғауға арналған Ұлттық жоспарын, ҚР экологиялық қауіпсіздігінің біртұтас концепциясын және басқа табиғат қорғау заң актілерін қабылдау заң шығарушының нормативтік-құқықтық базаны құруға, табиғат компонентін, соның ішінде өсімдіктер әлемін қорғауды қамтамасыз етудегі әрекетін білдіреді. Сонымен бірге ғылыми талқы қажет ететін бірқатар сұрақтардың, қажетті теориялық дәйектемесі және практикалық шешімдері жоқ.

Бүгінгі таңда экологиялық құқық бұзушылықтардың жасырын деңгейі өте жоғары деп айтуға болады. Бұл жағдай нақты құқық бұзушыны айқындау қиындықтарымен де, құқық бұзушының іс-қимылдары мен зиян келтірудің арасындағы себептік байланыстарды дәлелдеу, сондай-ақ зиянның мөлшерін белгілеу қиындықтарымен де байланысты.

Жалпы экология табиғат пен қоғам қатынастарын, адам мен табиғаттың тікелей байланысын, айналадағы табиғи ортаны қорғауды реттейтін құқық ережелерінің жиынтығы болып табылады. Айналадағы табиғи ортаны қорғау-ең алдымен адамның өмірі мен денсаулығын, болашақ ұрпақтың мүдделерін қамтамасыз етуге, табиғи ортаға қарсы зиянды іс-әрекеттер жасауға жол бермеуге, табиғи тепе-теңдікті сақтау және қоршаған ортаны тиімді пайдалану мақсатын көздейді.

Берілген сұрақтарды зерделей отырып, алдымен, Қазақстан республикасында экологиялық қылмыспен күрес, соның ішінде

жеке экологиялық объектілерді қорғау мәселесінде ведомствалық нормативтік актілер реттелмеген деп айта аламыз.

Екіншіден, экологиялық қылмыстар, экологиялық жүйені қорғау туралы нормаларды қолдану тәжірибеде үлкен қоғамдық қауіп келтірмейді деген пікірлер бар.

Үшіншіден, өсімдіктер әлеміне қолсұғушылықты қылмыстық топтың жасау, оның осы әрекетке қоғамдық қауіп деңгейін көтеретініне қарамастан ол ауырлататын жағдайлар ретінде заңда қарастырылмайды.

Төртіншіден, заңды тұлғалардың қылмыстық жауапкершілік мәселесі аяғына дейін зерттелген жоқ.

Аталған факторлар экологиялық жүйені қылмыстық-құқықтық қорғау сұрақтарын ғылыми түрде қайтадан қарау қажеттілігін негіздейді. Экологиялық жүйені қорғаудың қылмыстық құқықтық теориялық мәселелерін, сонымен қоса Қазақстан Республикасының қылмыстық заңдарының, заңда көзделген актілердің нормаларымен зерттеу негізінде кемшіліктерді жою, сонымен қоса соттық-зерттеу материалдарын қарастыруда осы мәселелердің объективті және субъективті жақтарын талдау, яғни бұл сферада болған қылмысты саралау және экологиялық жүйені қорғауда және сақтауда қылмыстық заңдарды жетілдіруге бағытталған бірқатар мәселелерді қалыптастыру қажеттілігін айта аламыз [4, 154].

Заң сауатты құрылып, сауатты қолданылса ғана жақсы. Қылмыстық жауапкершілік нәтижесі туралы құқық қорғау іс-әрекетінің нәтижесі бойынша көп айтуға болады. Қазіргі кезге дейін экологиялық қорғауды қамтамасыз ететін мемлекеттік органы мен табиғатты қорғау прокуратурасының өзара әрекеті бойынша нормативтік-құқықтық база ретке келмегенін көріп отырмыз. Сонымен қатар, экологиялық жүйені қорғау саласында заңдарды қолдану тәжірибесін сараптай келе байқағанмыз, табиғат қорғау нормаларын тиімді пайдалануға бөгет болатын тосқауылдарды жою қажеттігі бар.

Жан-жақты, жеке зерттеуді талап ететін мәселелердің бірі - аталған қылмыстар үшін заңды тұлғалардың жауапкершілігін бекіту.

Сондықтан қазіргі уақытта ғалымдар мен тәжірибе қызметкерлердің күш-жігері қоршаған ортаға келтірілген зиянды

өтеу мәселелеріне және экологиялық қылмыстар үшін жауапкершілік жағдайларына жұмсалуды қажет деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан Жолы - 2050: Бір Мақсат, Бір Мүдде, Бір Болашақ» Қазақстан халқына Жолдауы // Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі «Әділет» *adilet.zan.kz*
- 2 Гильманова Д.М. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар режимінің бұзылуын криминологиялық талдау. - Орал : АТиСО баспа орталығы, 2009. - 55 б.
- 3 Жевлаков Э.Н. Экологические преступления и экологическая преступность М.,1996. - 211с.
- 4 Садықанова Ж.Е. Қылмыстық-құқықтық нормаларды қолдану туралы. // ҚазҰУ хабаршысы.Заң сер.= Вестник КазНУ.Сер.юридическая. - 2007. - №2. - Б.153-157.

Машабаев А.Ж.

*доцент Карагандинского государственного
университета им. академика Е.А.Букетова, к.ю.н.*

Төлегенов Ә.Е.

*Магистрант Карагандинского государственного
университета им. академика Е.А.Букетова*

К вопросу об основании уголовной ответственности

Уголовный закон установил единственное основание уголовной ответственности – это наличие в действии (бездействии) лица признаков состава преступления. Достижение законности и справедливости в процессе применения уголовного закона предполагает правильную квалификацию преступного деяния и тщательного решения вопросов привлечения к уголовной ответственности.

Совокупность обязательных признаков конкретного состава преступления устанавливает не только преступность деяния, но и меру ответственности за нарушение уголовно-правового запрета. Только установив в деянии лица совокупность признаков конкретного состава преступления, можно вести речь о привлечении к уголовной ответственности, назначении